



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
2007 ЖЫЛҒЫ 19 ЖЕЛТОҚСАН  
№ 48 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

2007 жылғы қарашадағы қаржы нарығындағы  
ахуал туралы

**1. Инфляция.** Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша инфляция 2007 жылғы қарашада 2,7% (2006 жылғы қарашада – 0,8%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 3,9%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың және ақылы қызметтер бағасы 1,8%-ға көтерілді.

Азық-түлік тауарларының ішінде өткен айда, көбіне макарон тағамдары 10,6%-ға, жұмыртқа 9,7%-ға, май және жануарлар майы 7,7%-ға, оның ішінде күнбағыс майы 8,3%-ға, сүт және сүт өнімдері 6,1%-ға қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында бензин 6,0%-ға, жууға және тазалауға арналған құралдар 2,0%-ға қымбаттады.


Халыққа ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық қызметтер негізінен суық судың 6,1%-ға, ыстық судың 2,8%-ға, орталықтан жылытудың 2,7%-ға қымбаттауы есебінен 2,1%-ға қымбаттады. Мектепке дейін білім беру 1,9%-ға, көлік қызметі бағалары 1,6%-ға көтерілді.

2007 жылғы қаңтар-қарашада инфляция 16,5% болды, 2006 жылдың тиісті кезеңінде ол 7,5% құраған болатын.

Инфляцияның жылдам өсуіне оның құрамдас бөліктерінің, оның ішінде азық-түлік тараулары бағасының 23,2%-ға (2006 жылғы қаңтар-қарашада 6,0%-ға) және ақылы қызметтердің 14,0%-ға (10,8%-ға) өсуі себепші болды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 11 айда 9,2%-ға (6,7%-ға) қымбаттаған (1-кесте).

1-кесте

2006 және 2007 жылдарлағы қаңтар-қарашадағы инфляция және оның құрамдас бөліктері.



2007 жылғы қарашада инфляция жылдық көрсеткішпен 17,5% (2006 жылғы желтоқсанда – 8,4%) болды.

**2. Ақша агрегаттары.** Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің 2007 жылғы қарашада азаюы ақша базасының 0,8%-ға 1490,0 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бастап 0,8% тарылу) тарылуына себепші болды.

Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 0,9%-ға 1485,2 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бастап 8,4%-ға кеңею) тарылды.

2007 жылғы қазанда ақша массасы банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің азаюы салдарынан 2,8%-ға 4351,8 млрд. теңгеге дейін азайды (жылдың басынан бастап 18,3%-ға өсу).

2007 жылғы қазанда айналыстағы қолма-қол ақша 6,0%-ға 724,7 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бастап 20,6%-ға өсу), банк жүйесіндегі депозиттер 2,2%-ға 3627,1 млрд. теңгеге дейін (жылдың басынан бастап 17,9%-ға өсу) азайды. Нәтижесінде ақша массасы құрылымындағы депозиттер үлесі 82,8%-дан 83,3%-ға дейін өсті.

Ақшы мультипликаторы қазанда ақша массасы қарқынының (2,8%) ақша базасының тарылу қарқынымен (12,3%) салыстырғанда азаюы салдарынан 2,61-ден 2,90-ға дейін ұлғайды.

**3. Валюта нарығы.** 2007 жылғы қарашада ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты болып қала берді. Осы ай ішінде теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 120,34–121,0 теңге аралығында өзгерді. 2007 жылғы қараша айының ішінде теңге 0,06%-ға (жылдың басынан бастап 4,87%-ға) нығайып, айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы 1 АҚШ доллары үшін 120,82 теңгені құрады.

Қарашада Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялар қосымша саудасаттықтағы мәмілелерді қоса есептегенде қазан айымен салыстырғанда 49,86% ұлғайып, 5,7 млрд. АҚШ долларын құрады (жыл басынан бастап 68,5 млрд. АҚШ долл.). Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 16,9%-ға ұлғайып, 9,2 млрд. АҚШ долларын құрады (жылдың басынан бастап 134,3 млрд. АҚШ доллары).

**4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.** 2007 жылғы қарашада Қаржы министрлігі жалпы сомасы 23,1 млрд. теңге болатын 6, 9 және 12 айлық МЕККАМ, сондай-ақ 8 және 10 жылдық ұзақ мерзімді МЕУКАМ орналастырды. Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша кірістілік: қысқа мерзімді МЕККАМ бойынша тиісінше, 8,66%, 8,94%, 9,22%, ұзақ мерзімді МЕУКАМ бойынша тиісінше, 10,00% және 10,42% құрады.

Мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу 2007 жылғы қарашада 1,8 млрд. теңгені құрады. Нәтижесінде Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2007 жылғы қарашаның аяғында өткен аймен салыстырғанда 4,0%-ға артып, 515,3 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық Банк ноталары эмиссиясының көлемі 2007 жылғы қарашада 2007 жылғы қазанмен салыстырғанда 5,2%-ға 93,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Қысқа мерзімді ноталар кірістілігі қазандағы 5,61%-дан қарашада 5,64%-ға дейін артты.

Сыйақы бойынша төлемдерді есептегенде Ұлттық Банк ноталары 2007 жылғы қарашада 99,8 млрд. теңгеге өтелді. Айналыстағы ноталар көлемі 2007 жылғы қарашаның аяғында 2007 жылғы қазанмен салыстырғанда 0,4%-ға аздап төмендей отырып, 278,1 млрд. теңгені құрады.

2007 жылғы қарашада кері репо операциялары 23,6 млрд. теңге, Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі операциялар 1,4 млрд. теңге болды. Репо және Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарын сату бойынша операциялар жүргізілген жоқ.

**5. Банкаралық ақша нарығы.** 2007 жылғы қарашада орналастырылған банкаралық депозиттер көлемі 2007 жылғы қазанмен салыстырғанда 41,6%-ға өсіп, оның баламасы 5355,0 млрд. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер көлемі 18,4%-ға өсіп, 260,9 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 4,9%) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы қарашада 7,16%-дан 6,40%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерден тартқан депозиттерінің көлемі қарашада 13,7% артып, 21,4 млрд. теңгені құрады.

2007 жылғы қарашада доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі қазанмен салыстырғанда 30,4%-а өсіп, 35,1 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 79,1%) құрады. Бұл ретте доллардағы депозиттердің негізгі бөлігі (доллармен орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 97,3%) резидент емес банктерде орналастырылды. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 4,86%-дан 4,65%-ға дейін төмендеді.

Еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі өсуде, 2007 жылғы қарашада ол 2007 жылғы қазанмен салыстырғанда 2,7 есе өсіп, 4,7 млрд. еуроны (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 15,4%) құрады. Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 3,77%-дан 3,99%-ға дейін көтерілді.

Рубльмен орналастырылған депозиттердің көлемі аз күйінде қалып отыр.

Тұтастай алғанда шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 95,1%-н құрап, жоғары күйінде қалып отыр. Бұл ретте шетел валютасындағы депозиттердің негізгі бөлігі (92,9%) резидент емес банктерде орналастырылған.

**6. Депозит нарығы.** Резиденттер депозиттерінің банк жүйесіндегі жалпы көлемі 2007 жылғы қазанда 2007 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2,2%-ға (2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 17,9%-ға артқан) 3627,1 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Заңды тұлғалардың депозиттері 3,1%-ға 2243,4 млрд. теңгеге дейін, жеке тұлғалардың депозиттері 0,7%-ға 1383,7 млрд. теңгеге дейін төмендеді.

2007 жылғы қазанда ұлттық валютамен депозиттер 2,5%-ға 2502,4 млрд. теңгеге дейін, шетел валютасындағы депозиттер 1,4%-ға 1124,7 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Нәтижесінде теңгемен депозиттердің үлес салмағы 69,2%-дан 69,0%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қосқанда) банктердегі салымдары бір ай ішіне 0,5%-ға 1398,3 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Халық салымдарының құрылымында 2007 жылғы қазанда теңгемен депозиттер 3,4%-ға 895,6 млрд. теңгеге дейін төмендеп, ал шетел валютасындағы депозиттер 5,1%-ға 502,7 млрд. теңгеге дейін көтерілді. Нәтижесінде теңгемен депозиттердің үлес салмағы 66,0%-дан 64,0%-ға дейін төмендеді.

2007 жылғы қазанда банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 6,0%-ды (2007 жылғы қыркүйекте 6,2%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 12,1%-ды (11,0%) құрады.

**7. Кредит нарығы.** Банктердің экономикаға берген кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 2007 жылғы қазанда 2007 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 1,3%-ға (жылдың басынан бастап 53,8%-ға) өсіп, 7213,6 млрд. теңге болды.

Ұлттық валютамен кредиттер бір айдың ішінде 1,5%-ға ұлғайып, 4111,4 млрд. теңге болды, ал шетел валютасымен кредиттер 3102,2 млрд. теңге құрап, 1,1%-ға ұлғайды. Нәтижесінде теңгемен кредиттердің үлес салмағы 2007 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 56,9%-дан 57,0%-ға көтерілді.

Ұзақ мерзімді кредиттер 5664,2 млрд. теңгені құрап, 1,0%-ға, ал қысқа мерзімді кредиттер 1549,4 млрд. теңгені құрап, 2,6% өсті. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 78,8%-дан 78,5%-ға дейін төмендеді.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі қазанда 4640,7 млрд. теңгені құрап, 1,1%-ға, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 2572,9 млрд. теңге құрап, 1,8%-ға өсті. Нәтижесінде жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы 35,5%-дан 35,7%-ға дейін өсті.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері қазанда қыркүйекпен салыстырғанда 1497,9 млрд. теңге болып, 2,5% (жылдың басынан бастап 74,0% өсті) болды.

Салалар бойынша алғанда экономиканың сауда (21,7%), құрылыс (16,7%), өнеркәсіп (9,3%) және ауылшаруашылығы (3,4%) секілді салалары көбірек кредиттелуде.

2007 жылғы қазанда 2007 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 18,7%-дан 18,1%-ға дейін төмендеп, ал заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша 14,4%-дан 14,7%-ға дейін өсті.

**8. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындары мониторингінің 2007 жылдың 4-тоқсанындағы нәтижелері туралы.** 2007 жылғы қарашада мониторингке 1523 кәсіпорын қатысты. Пікіртерімдер бойынша алынған нәтижелер елде 2007 жылдың 3-тоқсанында қалыптасқан экономикалық ахуал туралы мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорындардың іскерлік және инвестициялық белсенділігінің оң үрісі сақталған.

Негізгі және айналым қаражаттың қаржыландыру көздерінің құрылымында үлесі тиісінше, 61,3% және 82,7% (2-тоқсанда тиісінше, 59,3% және 81,0%) құраған меншікті қаражат рөлінің өсуі жалғасуда. Бұл ретте негізгі қаражатты қаржыландырмайтын кәсіпорындардың үлесі біршама түсті (31,6%-дан 30,8%-ға дейін).

Сондай-ақ айналым активтерінің 42,5%-ға дейін (2-тоқсандағы 40,3%-дан), тұтастай алғанда активтердің 20,2%-ға дейін (2007 жылдың 2-тоқсанындағы 19,3%-дан) айналымдылығы да артты. Бұл ретте еңбек өнімділігінің өсу үрдісі жалғасуда, ол 2007 жылдың 3-тоқсанында бір жұмыс істеушіге шаққанда 1882,7 мың теңге (2007 жылғы 2-тоқсанында 1524,3) болды.

Ағымдағы активтердің өтімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда нақты сектор капиталының құрылымы оң күйінде қалып отыр: ағымдағы активтер ағымдағы міндеттемелерді толығымен өтеуде – ағымдағы өтімділік коэффициенті 2,0, төлем қабілеті деңгейі қалыпты (2,0) деңгейден жоғары (2,19).

Соған қарамастан кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіне ықпал еткен теріс факторлар да орын алды.

Теңге бағамының АҚШ долларына (2-тоқсандағы 16%-дан 24,5%-ға дейін), еуро (2-тоқсандағы 9,6%-дан 13,3%-ға дейін) және Ресей рубліне (2-тоқсандағы 8,7%-дан 12,3%-ға дейін) қатысты өзгеруі шаруашылық қызметіне теріс әсер еткен кәсіпорындардың саны артты.

Банктердің қызметіне деген қажеттілікті қанағаттандыру деңгейі біршама төмендеді: қалыпты деңгейді атап өткен кәсіпорындардың үлесі 88,4%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте 4-тоқсанда, кәсіпорындардың ойынша, ахуал одан әрі нашарлауы мүмкін. Соның салдарынан екінші деңгейдегі банктерде депозиттері бар кәсіпорындардың үлесі 16%-ға дейін (2-тоқсандағы 17,3%-дан) төмендеді. Кредит алған кәсіпорындардың саны 32,6%-ға дейін (2-тоқсандағы 36,2%-дан) азайды. Өңдеу өнеркәсібінде және құрылыста біраз қысқарды.

Бұдан басқа шикізат пен материал бағасының өсу қарқыны біршама артты: баға өзгеруінің диффузиялық индексі 79,1 (2-тоқсанда 75,9) болды. Бұл ретте бағаның біршама өсуі құрылыс саласында байқалады. Соның салдарынан өнімді өндіруге және сатуға жұмсалған шығын өсіп, тиісінше, дайын өнімге сұраныстың өсу қарқыны төмендеді: сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексі 2-тоқсанмен салыстырғанда 62,5 болды (2-тоқсанда - 64,3). Көбіне құрылыс саласындағы сұраныс төмендеді.